



Бекітемін:
Мектеп директоры:
М.Саметов

**Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебінде
2025-2026 оқу жылына арналған «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы
аясында Зорлық –зомбылыққа қарсы және құқық бұзушылықтың алдын алу
іс шара жоспары**

№	Өтілетін іс-шара	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында Зорлық – зомбылыққа қарсы және құқық бұзушылықтың алдын алу іс-шара жоспарын жасап бекіту	Қыркүйек	ДТІЖО Қ.Айкузов
2	Зорлық-зомбылық, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша АІБ қызметкерлерімен кездесу	Қыркүйек	ДТІЖО Педагог психолог Сынып жетекшілер
3	«Сенім телефоны», «Сенім жәшігі» жұмысын қадағалау	Үнемі	ДТІЖО Педагог психолог
4	Қыздар клубының жұмысы, ерте жүктіліктен сақтанудың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру	Қазан	ДТІЖО Қыздар клубы жетекшісі Әлеуметтік педагог Педагог психолог
5	«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында мектеп оқушыларымен тренинг ұйымдастыру	Қараша	ДТІЖО Педагог психолог
6	Жасөспірімдерді зиянкес заттардан, темекі, есірткі және нашақорлықтан сақ болудың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру	Қараша	ДТІЖО Педагог психолог
7	Мектеп оқушылары арасында әлімжеттік пен бопсалаудың алдын алу, құқықбұзушылықты болдырмау бойынша жасырын сауалнамалар алу және мектепке суық қару әкелудің алдын алу шараларын ұйымдастыру	Желтоқсан	ДТІЖО Педагог психолог Сынып жетекшілер
8	«Хабарласыңыз! Көмектесеміз» айдарымен оқушылармен ашық әңгіме жүргізу	Қаңтар	ДТІЖО Педагог психолог Сынып жетекшілер

9	Булдун, кибербулдун, аударманы және зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары бойынша ЮПТ қызметкерлерімен кездесу	Кезінде	ДТЖО Педагог психолог
10	«Қоғамдағы, отбасындағы және мектептегі зорлық-зомбылық, құқық бұзушылық және бейбітшілік қағидаттары» Ата-ана, оқушы және мұғалімдер арасында пікір талас	Ақпан	ДТЖО Педагог психолог Сынып жетекшілер
11	ЮПТ қызметкерлерімен кездесу	Наурыз	Тәрбие одағы
12	Ерекше назардағы оқушылармен жұмыс	Сәуір	ДТЖО Педагог психолог
13	Зорлық-зомбылық, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары бойынша қорытындылау	Мамыр	Тәрбие одағы Сынып жетекшілер


Түзген ДТЖО:



Қ. Айкузов

09.09.2025ж. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жылдық жоспарға сәйкес Зорлық-зомбылық ,күқық бұзушылықтың алдын алу бойынша АІБ қызметкерлерімен кездесу өткізілді





Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебінде
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 2025-2026 оқу
жылының аяқталуына байланысты құқық бұзушылықты болдырмау
мақсатында жалпы мектепшілік ұлдар жиналысы өткізілгендігі туралы
мәлімет



2025-2026 жаңа оқу жылының басында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Зорлық-зомбылыққа қарсы және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы бойынша Төле би АПБ ЖПҚБ ЮПТ полиция лейтенанты Жаңабай Дәурен Мүкбараханұлымен және Төле би АПБ ЖПҚБ ЮПТ КТІЖ аға УПИ полиция аға лейтенанты Секрікбаев Бейбарс Абзалұлымен кездесу өткізілгендігі

туралы
Х а т т а м а

Аккүм ауылы

09.09.2025жыл

Төраға: ДТІЖО: Қ.Айкузов

Хатшы: Ә.Сахаев

Қатысқандар: Сынып жетекшілер - 21

Қаралатын мәселе:

2025-2026 жаңа оқу жылының басында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Зорлық-зомбылыққа қарсы және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы бойынша Төле би АПБ ЖПҚБ ЮПТ полиция лейтенанты Жаңабай Дәурен Мүкбараханұлымен және Төле би АПБ ЖПҚБ ЮПТ КТІЖ аға УПИ полиция аға лейтенанты Секрікбаев Бейбарс Абзалұлымен кездесу өткізілді

Тыңдалды:

Сөз кезегін алған ДТІЖО: . Қ.Айкузов 2025-2026 жаңа оқу жылының басында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Зорлық-зомбылыққа қарсы және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы бойынша Төле би АПБ ЖПҚБ ЮПТ полиция лейтенанты Жаңабай Дәурен Мүкбараханұлымен және Төле би АПБ ЖПҚБ ЮПТ КТІЖ аға УПИ полиция аға лейтенанты Секрікбаев Бейбарс Абзалұлымен кездесу өткізіліп, Зорлық-зомбылыққа қарсы және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы барысының жыл басында түзілген жоспарға сәйкес жүргізілгендігін, мектебімізде Зорлық-зомбылыққа қарсы және құқық бұзушылық бойынша келеңсіз жағдайларын болдырмау мақсатында оқушыларға жан жақты мысалдар келтіре отырылып түсіндірме жұмыстарын жүргізгендігін мысалы әлімжеттік жасамау, буллин және кибербуллин мәселелері «Досбол Laik» жобасына тоқталып, мектеп формасын сақтау, сабаққа кешікпей, сабақтан себепсіз қалмау, кешкі мезгілде ата-анасыз көшеде жүрмеу сияқты түрлі мәселелер туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілгендігін жеткізді және оқушыларға ауылға жақын орналасқан ИЧ 167/9 мекемесіне мүлдем жақындамау керектігі ескертілді.

Келесі сөз кезегін алған мектеп психологы А.Перне Төле би АПБ ЖПҚБ ЮПТ полиция лейтенанты Жаңабай Дәурен Мүкбараханұлымен және Төле би АПБ ЖПҚБ ЮПТ КТІЖ аға УПИ полиция аға лейтенанты Секрікбаев Бейбарс Абзалұлымен кездесу Зорлық-зомбылыққа қарсы және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының өз дәрежесінде үнемі жүргізілетінін, оқушылар аарасында әлімжеттік сияқты жағдайлар орын алмағандығын және үнемі оқушылардың бақылауда болып психологиялық көмек көрсетіліп отыратындығын жеткізді

Шешім:

Зорлық-зомбылыққа қарсы және құқық бұзушылықтың алдын алу атқарылған жұмыстары бойынша қорытындылау жұмыстарына қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Төраға:

Қ.Айкузов

Хатшы:

Ә.Сахаев



10-сынып оқушысы Шырынбек Іңкәрмен әңгімелесу сәттері



Мектеп психологі А.Перне 10-сынып оқушыларынан сауалнама алу сәті

01.10.2025 жылы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында
Зорлық-зомбылыққа қарсы күрес, құқық бұзушылықты болдырмау және
ерте жүктіліктің алдын алу жұмысы бойынша Төлеби аудан

прокуратурасының прокуроры Садуақас Аыр Ерболатұлымен және Төлеби
аудандық білім бөлімінің психолог маманы Даргенова Әсел Қаливирқызымен
кездесу ұйымдастырылып, профилактикалық жұмыстар жүргізілгендігі

туралы

Х а т т а м а

30.10.2025жыл

Ақсұм ауылы

Төраға: ДТЖО: К.Айкузов

Хатшы: Ә.Сахаев

Қатысқандар: ұстаздар

Қаралатын мәселе:

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Зорлық-зомбылыққа
қарсы күрес, құқық бұзушылықты болдырмау және ерте жүктіліктің алдын алу
жұмысы бойынша Төлеби аудан прокуратурасының прокуроры Садуақас Аыр

Ерболатұлымен және Төлеби аудандық білім бөлімінің психолог маманы

Даргенова Әсел Қаливирқызымен кездесу ұйымдастырылып, жүргізілген

профилактикалық жұмыстар

Тыңдалды:

Алғашқы сөз кезегін алған ДТЖО К.Айкузов Төлеби аудан
прокуратурасының прокуроры Садуақас Аыр Ерболатұлымен кәмілетке
толмағандар арасындағы қылмыскерлік , Зорлық-зомбылыққа қарсы күрес,
құқық бұзушылықты алдын алу жұмысы бойынша әлемде қазіргі ең өзекті
мәселелердің біріне айналып отырған – бұл жасөспірімдердің, балалардың
зорлық – зомбылыққа ұшырауы. Барлық мектепте және басқа да қоғамдық
мекемелерде күнделікті қатыгездікпен және зорлық – зомбылықпен ұшырасып
отырады. Баланың болашақта қандай азамат болуы оның мектепте, отбасында
қоршаған ортада алған тәрбиесіне байланысты. Балалар да, ересектер сияқты
сыйлау, қол тигізбеу және адамзаттық абыройын сақтау құқықтарына ие,
сондай-ақ Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы мен Азаматтық
саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы көзделген заң
таралынан да тең қорғау көрсетілуіне құқылы екендігін бала өз ата – анасының
тәрбиесін алуға, өз қызығушылықтарын жан – жақты дамуын қамтамасыз етуге
құқылы. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 137-бабы кәмілетке
толмаған баланы ата-анасының немесе осы міндет жүктелген басқа адам,
сонымен қатар педагог немесе оқыту, тәрбиелеу, емдеу не кәмілетке толмаған
баланы қалаталау міндеттелгенін, кәмілетке толмаған балалардың кешкі мезгілде
22⁰⁰ –ден 06⁰⁰ ге дейін ата-анасыз жүрмеу керектігі мафет, көлік айдамау керектігін
нақты айтып жеткізгендігін айтып өтті.

Зорлық – зомбылық тақырыбы мектепте тәрбие сағаттарында қаралып, ата-
аналар үй жағдайында баласының қатеріне сала отырып, оқушыларға зорлық –
зомбылық туралы мағлұмат беруі, ол адамның ең жаман қасиеті екенін
түсіндіріп отыруы қажет. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай

болса оқушыларға адамзаттық құқықтары мен бас бостандықтарын қорғауы туралы сапасына сәйкес, тәрбиелеуі аса маңызды іс. Зорлық-зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін, жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу немесе ондай әрекеттерден сақтандыру адамгершілігі мол санаты азамат болып өсуіне ықпал жасау барлығымыздың міндетіміз деп сөзін аяқтады.

Келесі сөз кезегін алған педагог психолог А.Перие Төлеби аудандық білім бөлімінің психолог маманы Дарганова Әсел Қалиярқызы қоғамды алаңдатып, әлемді дүр сілкіндіріп тұрған мәселелер аз емес. Соның бірі - ерте жүктілік. Жасөспірім қыздардың ерте жүкті болуы - жалғыз отбасының ғана емес, бүтін бір қауымның трагедиясы десек те болады. Сол үшін ерте жүктілік – бүтін назар аудармасақ, ертең орны толмас өкінішке айналатын күрделі мәселе. Жас қыздар ана болуға дайын емес екендігін ерте жүктілік - әлеуметтік, психологиялық және тәрбиелік дағдарыстың көрінісі. Мұндай жағдайлар жасөспірімдердің тағдырына ғана емес, тұтас ұрпақтың, ел болашағының келбетін қалыптастыруға кері әсерін тигізеді. Оның салдары ауыр. Мамандардың айтуынша, физиологиялық тұрғыдан жас қыздар ана болуға дайын емес – бұл олардың өзі денсаулығына да, баланың денсаулығына да кері әсерін тигізуі мүмкін екенін, жасөспірімдер бір ғана шалыс басқан істің артында үлкен қауіп-қатер бар екенін біле бермейді. Мысалы жас ана жүктілікті физикалық көтере алмайды, қиын таңдау тұрады: аборт жасау немесе баланы қалдырса өзін және нәрестені қауіп қатерге тигеді. Толық қалыптаспаған организм жүктілікпен және босануды көтере алмайды соның салдарынан ақауы бар баланың дүниеге келуі мүмкін. Міне, жоғарыда аталған дүниенің бәрі ерте жүктіліктің қауіп қатері екенін оқушыларға жеткізгендігіне тоқталды.

Шешім:

Төлеби аудан прокуратурасының прокуроры Садуақас Аяр Ерболатұлымен және Төлеби аудандық білім бөлімінің психолог маманы Дарганова Әсел Қалиярқызымен ұйымдастырылған кездесуге, Зорлық-зомбылыққа қарсы күрес, құқық бұзушылықты болдырмау және ерте жүктіліктің алдын алу жұмысы бойынша жүргізілген профилактикалық жұмыстарға қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Төраға:

Хатшы:



Қ.Айкузов

Ә.Сахаев



